

# KASE

## АПТАЛЫҒЫ

05 – 09 ақпан,  
2018

### KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE JPMorgan Chase Bank. N.A. банкінде корреспонденттік шот ашқаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ KASE 2018 жылдың 07 ақпанынан бастап "Kaspi Bank" АҚ облигацияларын, айналыста болу мерзімі аяқталуына байланысты KASE\_VM\* сериясы индекстерінің өкілетті тізімінен алып [тастады](#).
- ▲ KASE 2018 жылдың қаңтар айындағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындысына арналған, БАҚ өкілдері үшін медиа-брифинг [өткізді](#).
- ▲ "Фридом Финанс" Инвестициялық компаниясы ААҚ "қор" санаты бойынша KASE мүшелігіне [қабылданды](#).

### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ Standard & Poor's агенттігінің компанияның және оның облигацияларының рейтингілік бағасын "BB-" деңгейінде растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясының ұзақ мерзімді несие рейтингін Standard & Poor's агенттігі "B" деңгейінде растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Негативті", сондай-ақ Moody's Investors Service агенттігі эмитент рейтингін "B2" деңгейінде растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Негативті".
- ▲ "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ Басқарма құрамының өзгергені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ Директорлар кеңесінің 24,0 млрд теңге көлемінде бюджет несиесін тарту жөнінде шешім қабылдағаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі етіп Е.А.Біртановты сайлағаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ 05 ақпанда "Банк ЦентрКредит" АҚ 10 жылдық облигацияларын Қазақстан қор биржасында орналастыру арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 11,75 % 4,4 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Банк "Bank RBK" АҚ банктің Басқарма төрағасы болып Н. Акентьева тағайындалатыны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ Standard & Poor's компаниясының ұзақ мерзімді несие рейтингін "BB-" деңгейінде растадағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ "Жайықмұнай" ЖШС Standard & Poor's агенттігі облигациялардың рейтингілік бағасын растағаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Қазақстан Халық Банкінің" еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" акционерлік қоғамының жай акциялары бойынша биржадағы маркет-мейкері мәртебесінен бас [тартты](#).
- ▲ 20 ақпаннан 05 сәуір аралығында Қазақстан қор биржасында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ 410 237 (RDGZ) жай [акцияларын](#) және 85,0 млн. (RDGZd) жахандық депозитарлық [колхаттарды](#) сатып алу бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық өткізу жоспарлануда.
- ▲ Казкоммерцбанк 100 000 000 АҚШ доллары көлеміндегі субординацияланған халықаралық облигацияларын өз қаражаты есебінен толық көлемде мерзімінен бұрын өтегені туралы [хабарлады](#).



KASE Индексі екі апта қатарынан төмендегенін байқаймыз, 2,29% төмендеп, 2301,93 нүктені құрады. Аптаның қорытындысы бойынша Индекске кіретін акциялардың сегіз атауынан жетеуінің төмендегенін байқаймыз.

Сыртқы жаңалықтар жағымсыз болып тұр, әлемдік алаңда мықты түзетулер орын алуда, өйткені Bloomberg агенттігінің бағасы бойынша акциялардың әлемдің нарығын қаржыландыру \$5,95 трлн. \$87 трлн-нан \$81 трлн. дейін (28 қаңтар) қысқарды.

### KASE индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



09.02.2018

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 301,9	-2,3	1,6
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Цена</b>	<b>Δ 7д</b>	<b>Δ 1м</b>
QAZKOM	110,0	18,3	3,8
<b>Казахтелеком</b>	24 198,0	2,09	4,0
Казахтелеком (прив.)	10 050,0	1,0	16,1
РД КазМунайГаз	26 985,0	-0,1	3,8
<b>KEGOC</b>	1 396,5	-0,2	0,8
Аэрофлот (Россия)	808,0	-0,86	-7,6
<b>Народный банк</b>	103,9	-1,1	12,7
<b>КазТрансОйл</b>	1 467,1	-1,2	4,5
АЗМ	11 644,9	-1,4	-2,3
<b>Банк Астаны</b>	1 218,0	-1,5	-2,7
БАСТ	54 892,0	-2,3	-2,3
<b>Kcell</b>	1 590,0	-4,2	-7,0
Сбербанк (Россия)	1 419,8	-4,4	1,2
Газпром (Россия)	782,0	-4,7	-5,4
Bank of America	9 857,8	-6,2	-2,1
РД КазМунайГаз (прив.)	12 199,0	-6,9	6,1
Банк ВТБ (Россия)	0,3	-6,9	-10,0
<b>KAZ Minerals</b>	3 700,0	-7,4	-7,9
<b>Банк ЦентрКредит</b>	276,0	-8,0	40,1
QAZKOM (прив.)	102,0	-15,7	22,7

Қосалқы листингі бар акциялар құлдырағаны байқалады. Қазақстан қор биржасында жұма күні сауда-саттық жабылу сәтіне FTSE британ индексі 4% (3,73%) дейін төмендеді. KAZ Minerals PLC және Кселл акциялары апта қорытындысы бойынша 7,38 және тиісінше 4,22% арзандады.

Алайда осы аптадағы басты Банк ЦентрКредит үлестік қағаздары болды, олар 7,95% дейін төмендеп, 275,96 теңгені құрады. Қағаздарды түзету айтарлықтай, бірақ бекітілмеген іргелі өсім факторларынан кейін болады. Банктің акциялары бір апта бұрын 37% өскендігін атап өтейін. Дүйсенбі күні Банк 10 жылдық облигацияларды орналастыру арқылы Қазақстан қор биржасына жылдық 11,75% 4 362 млн теңге тартты. Сонымен, Банк ЦентрКредит жоспарланған көлемнің тек 44% орналастырды.

Қазақтелеком акциялары дара өмір сүріп жүргендей, өйткені қалған акциялар құнын жоғалтып жатқанда, бұл акциялар өскенін байқаймыз.


Аптаның қорытындысы бойынша Компания қағаздары 2,09% өсті. Қазіргі уақытта нарықтың назары Қазахтелеком Кселл 75% акцияларын сатып алуға антимонополия комитеті қандай шешім қабылдайды екен деп соған ауып отыр.




Бір күндік своп бойынша кірістілігі 5 базистік нүктеге артып, жылдық 8,77% құрады. МБҚ-мен бір күн мерзімге репо операциялары 1 б.н. төмендеп, жылдық 8,75 % құрады.

Ұлттық банк бір аптаның ішінде биржадан тыс жалпы көлемі 1 429,3 млрд теңге жеті нот шығарылымын орналастырды. Бес күндік ноттары бойынша кірістілігі 1 096,0 млрд теңгеге жетіп, кірістілігі 8,80 - 8,84% аралығында болды. 28-күндік ноттар бойынша кірістілігі 9,02% құрады, жылдық ноттар бойынша - жылдық 8,67%. Ноттарға жиынтық сұраным ұсынымнан 23% артып, 1 757,9 млрд теңгені құрады.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



\*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

### Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Апта қорытындысы бойынша доллар бағамы бір аптада 1,8% өсіп, 5,70 теңгеден 327,32 теңгеге дейін жетті. Сауда-саттық көлемі 39% өсіп, 755,3 млн долларға жетті.


Өткен апта ұлттық валюта үшін 6,5 айдағы қолайсыз апта болды. Теңгеге мұнайдың құлдырауы мен ресей рубль қысым көрсетті. Қазақстан қор биржасындағы валюталық секциядағы сауда-саттық сессиясының жабылу сәтінде және дүйсенбіден бастап Brent маркалы мұнай 6,0% төмендеп, бір баррельге 64,5 доллардан төмен саудаланды. Төмендеуі жахандық ұсынымдардың бірден артуынан, сондай-ақ әлемдік валюталардың негізгі себетіне қатысты доллардың өсуіне қатысты орын алды.

Осы факторлардың барлығы рубльге әсер етеді, ол долларға қарағанда бір аптада 2,5% жоғалтты. Рубль бағамы 0,1127 теңгеге төмендеп, 5,6279 теңгені құрады, сауда-саттық көлемі 9,0 млн рубльді құрады.

Осы аптада еуро тек сейсенбі күні 400,80 теңге бағамы бойынша саудаланды, сауда-саттық көлемі - 100 мың еуро.

Юань бағамы апта қорытындысы бойынша 0,4243 теңгеге өсіп, 51,5800 теңгені құрады. Сауда-саттық көлемі 1,0 млн юаньға дейін артты.

**Шет ел валюталарының бағамы динамикасы**  
Δ %, база (01.01.17)



	қаңтар	наурыз	мамыр	шілде	қыркүйек	қараша	қаңтар
	Бағасы		Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2017, %		
— GBPKZT	450,8			-2,0	+0,9		+10,0
— USDKZT	325,35			+0,8	-1,5		-2,4
— EURKZT	397,87			-0,9	+0,9		+12,9
— CNYKZT	51,51			+0,4	+1,7		+7,3
— RUBKZT	5,62			-2,3	-2,9		+3,5

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

**Brent мұнай құны**  
USD/баррель





**Халықаралық индекстер**

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	2 619,55	-5,2	-4,7	13,5	-5,0
Dow Jones	24 190,90	-5,2	-4,6	19,9	-5,0
PTC	1 185,79	-6,8	-4,0	1,9	-6,3
MMББ	2 197,12	-3,7	-1,6	1,1	-6,3
Hang Seng	29 507,42	-9,5	-5,0	25,4	-9,8
SS CSI 300	3 840,65	-10,1	-8,7	13,1	-11,8
Euro Stoxx 50	3 325,99	-5,6	-7,9	1,5	-6,1
FTSEuroFirst	4 048,00	-5,6	-8,4	-1,2	-5,2
FTSE 100	7 092,43	-4,7	-8,5	-1,9	-5,0
KASE	2 301,93	-2,3	1,6	46,3	

**Шикізат нарығы**

09.02.2018

Атауы	Бағасы	Тренд %	
		7к	1а
Мұнай	62,79	-8,4	-9,3
	59,20	-9,5	-6,9
Табиғи газ	2,58	-9,2	-11,1
Мыс	303,35	-4,8	-6,2
Темір	593,00	0,0	19,4
Алтын	1 316,65	-1,3	0,0
Күміс	16,14	-3,4	-5,3
Астық	449,00	0,5	3,4

**Экономикалық оқиғалар күнтізбесі**

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
14.02 Тұтыну бағасының негізгі индексі (ТБИ) (а / а) (қаңтар)	USD	0,2%	0,3%
14.02 Негізгі бөлшек сауда индексі (а / а) (қаңтар)	USD	0,2%	0,4%
14.02 Бөлшек сауда көлемі (а / а) (қаңтар)	USD	0,5%	0,4%
14.02 Шикі мұнай қоры	USD	3,189M	1,895M
15.02 Өндірушілер бағасының индексі (PPI) (а / а) (қаңтар)	USD	0,4%	-0,1%
16.02 Шығарылған құрылыс рұқсатының саны (қаңтар)	USD	1,310M	1,300M
16.02 Құбырлардың саны: Baker Hughes	USD		791

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард  
M – миллион  
K – мың

**Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы**

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	6,8 %	01.02.18	8,5 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 724	01.02.18	29 530
Қаржы базасы, млрд KZT	5 208,7	01.02.18	5 162,2
Қаржы массасы, млрд KZT	19 456,0	01.01.18	19 912,6

**Қазақстанның несие рейтингі**

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	16.01.18	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 негативті
	BBB тұрақты	20.10.17	BBB тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.